



ҚҰТТЫҚТАУ

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



Қадірлі полиция қызметкерлері!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Полициясы күнімен құттықтаймын!

Қазақстан Полициясы күні — төзімділік, қырағылық, қарапайымдылық, парасаттылықты бойына сіңіріп, қызметтің қиындығына қарамастан, анттарына адал қызметкерлердің ерлігін ұлықтау күні. Бейбіт заманда ел тыныштығын қорғап, береке мен бірлікті сақтау — бүгінгі полиция қызметкерлерінің басты парызы. Төл мерекеде қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қылмыспен күрес, оның алдын алу жолындағы қажырлы еңбектеріңізге сәттілік тілей отырып, ел қорғаны деген атқа лайықты болыңыздар демекпін!

Ауданымыздағы полиция қызметкерлері де тұрғындардың тыныштығы мен қауіпсіздігіне қызмет жасап, аянбай еңбек етіп, қоғамдық тәртіпті сақтау бағытында да қырағылық танытып, нәтижелі қызмет атқарып келеді.

Сондықтан ел сенімін мойнына артып, жауапкершілік алған тәртіп сақшыларының еңбегі қашанда ерен. Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, еліміздің кемел келешегін нығайту жолындағы еңбектеріңізге зор табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Әрқашан еліміз тыныш, халқымыз аман, полиция қызметкерлерінің мәртебесі биік болсын!



Ардақты ақ халатты абзал жандар!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз — Медицина саласы қызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әрбір мемлекеттің басты байлығы — ол оның азаматтары болса, әрбір адам баласы үшін байлық та, бақыт та — денсаулық. Олай болса, медицина қызметкерлерінің кез келген қоғамда алар орны қашанда ерекше. Әрбір азаматтың денінің сау болуы — сіздердің ерік-жігерлеріңіздің, білімдеріңіз бен кәсіби шеберліктеріңіздің жемісі.

Бүгінде ұлт саулығы, денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына айналды.

Сондықтан келешек ұрпақтың жарқын болашағының кепілі болып табылатын денсаулық мәселесін жетілдіру — біздің басты мақсатымыз.

Ардақты дәрігерлер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен тағы да шын жүректен құттықтай отырып, еңбектеріңізге табыс, отбасында береке-бірлік, бақыт тілеймін! Халқымыздың денсаулығы мықты болсын! Мерекелеріңіз құтты болсын, ақ халатты абзал жандар!

Құрметті әріптестер!

Сіздерді 23 маусым — Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Мемлекеттік қызмет — халықтың сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтату. Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметші екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметші болу — мәртебелі міндет.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап жас мемлекетті қалыптастыру бағытында мемлекеттік қызметкерлер ерекше еңбек сіңірді және оны уақыт талабына сай жалғастырып келеді. Аудан тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен олардың болашағын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуы үшін жауапкершілік мемлекеттік қызметшілерге жүктелгені белгілі. Осы ретте өздеріңіздің тәжірибелеріңіз бен біліктіліктеріңіздің арқасында аудан дамуы үшін жүйелі жұмыстар мен жарқын бастамалар жалғаса беретін болады. Елге қызмет ету қашанда мерейлі мәртебе екенін ойласақ, ауданымызды өркендету жолындағы еселі еңбектеріңізге шынайы ризашылығымды жеткіземін.

Кәсіби мерекемен баршаңызды шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, еліміздің кемел келешегін нығайту жолындағы қызметтеріңізге зор табыс, отбасыларыңызға амандық, әрқашан абырой биігінен көріне берулеріңізге шын жүректен тілектестігімді білдіремін!

Азамат МӘМБЕТОВ,
аудан әкімі

Қолажау авторлары: Г.ЖАНСАУАТАН

БӘРЕКЕЛДІ!

Б.СЕРІК

ДОССОР КЕНТІНДЕ 71 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Елімізде халықтың тұрмыс сапасын арттыру және инфрақұрылым саласын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Осы орайда апта басында Доссор кентіндегі «Болашақ» ықшам ауданында тұрғындарға жаңа баспаналардың кілтін табыстау рәсімі өтті.

Салтанатты шараға аудан әкімі Азамат Мәмбетов қатысып, тұрғындарды қуанышты сәтпен құттықтады. Өз сөзінде аудан аумағында тұрғын үй мәселесін шешу бағытында нақты жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

«Бүгін ауданымыз үшін ерекше қуанышты күн. Доссор кентінде апатты деп танылған және барақ үлгісіндегі

үйлер саны көп болатын. Осы мәселені кезең-кезеңімен шешу мақсатында тұрғындарды жаңа баспанамен қамтамасыз ету жұмыстары жүзеге асырылуда. Бұл — халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам», — деді аудан әкімі.

Аталған шара аясында барлығы 71 отбасына екі пәтерлі жаңа тұрғын үйлердің кілті табы-

сталды. Жаңа қоныс иелері көптен күткен қуанышқа кенеліп, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау үшін ризашылықтарын білдірді.

Шара барысында Доссор кентінің тұрғыны Шынарай Жанжігітова сөз сөйлеп, жаңа баспанаға қол жеткізген тұрғындардың атынан алғысын жеткізді. Ол тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстардың маңыздылығына тоқталып, осындай игі бастамалардың алдағы уақытта да жалғасатынына сенім білдірді.

Сурет автордікі



*Баспасөз – 2026



«Мақат тынысына» 2026 жылға жазылу жалғаса береді

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

Жеке тұлғаға
6 айға -
2272 теңге
66 тиын

Занды тұлғаға
6 айға -
3993 теңге
60 тиын

Газет индексі:
жеке тұлғалар үшін –
65574,
занды тұлғалар үшін –
15574

Өзіңізге қажетті мәліметті
"Мақат тынысынан" ғана ала
аласыз. "Мақат тынысы" Сіздің
сенімді серігіңіз болуға дайын!
Бір рет жазылып, жыл бойы
рухани азық алып тұрыңыз!

Ауыр психоэмоциялық немесе әлеуметтік жағдайлар:
 - Қауіпті өзін-өзі жарақаттау немесе өзін өлтіру әрекеті болған жағдайда. Ауыр психикалық жағдайда науқасқа шұғыл медициналық көмек қажет. Жедел жәрдемді 103 нөміріне хабарласып шақырады. Қоңырау кезінде диспетчер жағдайды сипаттауын сұрайды, медициналық бригада шақырылады. Науқасқа келген мамандар қажетті диагностика, алғашқы көмек көрсетеді және қажет болған жағдайда стационарға жеткізеді.

25. Қандай жағдайда дәрігерді үйге шақыруға болады?
 - Дәрігерді үйге шақыру — бұл науқастың жағдайына байланысты медициналық бақылау мен көмек алу мүмкіндігі, әсіресе, ол емханаға немесе стационарға өздігінен бара алмайтын жағдайда қолданылады. Қазақстан Республикасында бұл қызмет ГТМК (гарантталған тегін медициналық көмек) және МӘМС жүйесі аясында ұйымдастырылады.
 Дәрігерді үйге шақыруға көрсеткіш жағдайлар:
 - Қозғала алмау немесе қозғалыс шектеулігі;
 - Ауыс ауруына байланысты өздігінен емханаға бара алмайды (мысалы, ауыр жарақат, инсульттен кейінгі жағдай, мүгедектік, әлсіреу).
 Жедел медициналық жағдайлар:
 - Денсаулыққа қауіп төндіретін симптомдар бар кезде (жоғары температура, күшті әлсіздік, енттігу, кенет басталған ауырсыну, жүрек-қан тамыр немесе тыныс алу жүйесі белгілері). Дәрігер науқастың жағдайын бағалап, шұғыл шараларды қолданады немесе стационарға жолдама береді.
 Созылмалы аурудың асқынуы:
 - Қант диабеті, гипертония, жүрек немесе бүйрек аурулары сияқты созылмалы патологиялары бар пациенттердің жағдайы нашарлаған кезде. Мұндай науқастарға дәрігер дәрі-дәрмек тағайындайды, жағдайын бақылауға алады.
 Балаалар мен жүкті әйелдер:
 - Жүктілік кезінде профилактикалық немесе шұғыл тексеру қажет болғанда.
 - Кішкентай балаларда жоғары температура немесе тыныс алу қиындықтары байқалған кезде.
 Үйге шақыру тәртібі:
 - Науқас немесе оның заңды өкілі емхананың тіркеу бөліміне хабарласып, дәрігерді шақыру туралы өтініш береді. Өтініш тіркеледі және уәселкелі дәрігер науқастың жағдайын бағалап, келген уақытта қажетті медициналық қызмет көрсетеді.

26. Медициналық қызметті (емханаға) қалай бекітілуге болады?
 - Көрсетілетін қызметті тұрғылықты жері өзгерген жағдайда (көшіп — қону), бекітілімнің медициналық ұйымын (жылына 2 мәрте еркін бекітілуге болады), бекіту науқаны кезінде 1 қыркүйектен 1 қарашаға дейін (бекіту келесі жылдың қаңтарынан бастап күшіне енеді) пайдалануға болады.
 ҚР ДСМ 2020 жылғы 13 қарашадағы № 194 бұйрығымен бекітілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларының 25-тармағына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы — 1 жұмыс күні көрсетіледі (пациент жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес күндер өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
 Портал арқылы Сіз қызметті бірнеше тәсілмен ала аласыз:
 ЭЦҚ көмегімен:
 - Порталда **авторизациядан** өтіңіз немесе **тіркеліңіз**;
 - «Онлайн сураным» батырмасын басыңыз;
 - Суранымның ашық жолдарын толтыру;
 - Өтінімге электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) көмегімен қол қойыңыз;
 - Жеке кабинетте («Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде) көрсетілген уақыт ішінде келіп түсетін сіздің өтініміңізді өңдеу туралы хабарламамен танысыңыз.
 Портал жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы жұмыс істейді.

27. Қала, аудан аумағын көгалдандыру бойынша ұсыныс қалай беріледі?
 1. Ұсыныс дайындау. Ұсыныста мыналар көрсетіледі: көгалдандыру қажет нақты аумақ (көше, аула, саябақ, бос жер); қандай жұмыстар қажет (ағаш отырғызу, гүлзар, газон, суару жүйесі және т.б.); не үшін қажет екені (шан, ыстық, қауіпсіздік, көрік беру); өтініш берушінің аты-жөні, байланыс деректері.
 2. Ұсынысты мына мекемелердің біріне беруге болады: қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне; әкімдікке (жеке немесе ұжымдық өтініш ретінде); 109 iКөмек арқылы (ауызша немесе онлайн өтініш); «е-Өтініш» арқылы (электронды өтініш).
 3. Ұжымдық ұсыныс тиімді, өйткені, егер ұсынысқа бірнеше тұрғын қол қойса, қаралу ықтималдығы жоғары болады.
 4. Егер ірі көгалдандыру жобасы болса (сквер, аллея, демалыс аймағы): арнайы жоба ретінде ұсынылады; тұрғындар дауыс береді; бюджеттен қаржы бөлінуі мүмкін.
 5. Мемлекеттік орган ұсынысты қарап, заң бойынша 15—30 жұмыс күні ішінде ресми жауап береді.
 Мысал: Атырау қаласының тұрғындары өз ауласында көгалдандырудың жеткіліксіз екенін байқайды: ағаштар аз, жазда шан көп, көлеңке жоқ. Тұрғындар бірігіп, ұжымдық ұсыныс дайындайды. Ұсыныста: нақты аумақ (аула мекенжайы); ағаш отырғызу және газон жасау қажеттілігі; себебі (шанды азайту, көлеңке жасау) көрсетіледі. Олар өтінішті «е-Өтініш» жүйесі арқылы әкімдікке жолдайды және оған бірнеше тұрғын қол қояды.
 Нәтижесінде: ұсыныс қаралып, аумақ тексеріледі; көгалдандыру жоспарына енгізіледі; келесі маусымда ағаш отырғызу жұмыстары жүргізіледі.

28. Қаладағы мәдени іс-шаралар туралы ақпаратты қайдан білуге болады?
 - Қаладағы мәдени іс-шаралар туралы ақпарат бірнеше ресми және жедел ақпарат көздері арқылы таратылады. Әрқайсысының өз ерекшелігі бар:
 1. Ресми сайттар (негізгі және сенімді ақпарат):
 - Әкімдіктің ресми сайтында іс-шаралардың жоспары, уақыты, орны нақты көрсетіледі;
 - Бұл — ең сенімді және ресми ақпарат көзі;
 - Әдетте алдын ала жоспарланған іс-шаралар осы жерде жарияланады. Қашан қолдану керек: нақты күн мен орынды білу үшін.
 2. Әлеуметтік желілер (жедел ақпарат):
 - Instagram, Facebook, TikTok парақшаларында: анонстар; өзгерістер; тікелей эфирлер жарияланады.
 - Ақпарат жыдам жаңарып отырады, бірақ кейде қысқаша беріледі. Қашан қолдану керек, соңғы жаңалықтарды тез білу үшін.
 3. Мобильді қосымшалар мен сервистер:
 - Кейбір жағдайларда хабарламалар push немесе SMS арқылы келеді (мысалы, eGov, 1414);
 - Бұл тәсіл маңызды немесе ауқымды іс-шаралар кезінде қолданылады. Қашан қолдану керек: автоматты хабарлама алу үшін Мәдени іс-шаралар туралы ақпаратты мына жерлерден білуге болады:
 - Әкімдіктің ресми сайты: gov.kz;
 - Instagram: @atyrau_qalasy_akimdiqi;
 - Facebook, TikTok: ресми парақшалар.
 Мысал:
 Азамат А. Атырау қаласында өтетін музыкалық фестиваль туралы білігісі келеді.
 - Ол ресми сайтқа кіріп, фестивальдің күні, уақыты, орны және билет алу жолдарын қарады;
 - Instagram парақшасын тексеріп, бағдарламадағы өзгерістер мен қосымша мастер-класстар туралы білді;
 - Push-хабарламаларды қосқандықтан, маңызды ақпарат смартфонына келді.
 Нәтиже: А. іс-шараға алдын ала дайындалып, жаңартылған ақпаратты уақытында алды.

29. Аулаға жаяу жүргінші жолын салу мүмкін бе?
 - Аулаға жаяу жүргінші жолын салу мәселесі бекітілген жоспарлар мен бюджетке сәйкес қаралады.
 Егер аула ортақ пайдалану аумағы болса — жергілікті әкімдік арқылы шешіледі. Егер жер кондоминиумға (үйге) тиесілі болса — тұрғындардың келісімі міндетті.
 Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылдысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 60 бабының 1 тармағына сәйкес Объектілердің және олардың кешендерінің құрылысы «реконструкциялау, қалпына келтіру, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу» белгіленген тәртіпбен бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына, елді мекеннің бас жоспары негізінде орындаланғн құрылыс салу жобасына сәйкес өзiрленген жобалау (жобалық сметалық) құжаттамасы бойынша жүзеге асырылады. Мамандар аумақты қарап, инженерлік желілерге кедергі жоқ екенін тексереді және жоба жасайды. Рұқсат берілген соң мердігер ұйым жолды салады.

30. Көп қабатты тұрғын үйге қызмет көрсететін ұйымды қалай білуге болады?
 - 1. Үйге қызмет көрсететін ұйым туралы ақпаратты ПИК/МИБ-тен немесе қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінен алуға болады. Атырау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тұрғын үй секторына жауапты жергілікті орган болып табылады. Мұнда сұрау салып, сіздің үйіңіздің қай басқарушы компанияға немесе қызмет көрсетуші ұйымға жататынын білуге болады.
 Мекен-жайы: Атырау қ., Азаттық даңғылы, 101а немесе телефон арқылы байланысуға болады.
 2. Коммуналдық қызмет көрсетуші мекемелерден: Коммуналды қызметтерді әртүрлі ұйымдар көрсетеді, мысалы: сумен жабдықтау мен көріз жүйесі — «Атырау облысы Су Арнасы» КМК жылумен жабдықтау — «Атырау жылу электр орталығы» АҚ газ қызметтері — «Атыраугазинвест» ЖШС және т.б.
 Бұл ұйымдармен байланысып, өз үйіңізге қандай қызмет көрсетіліп жатқанын білуге болады.
 3. Онлайн портал - opaukyzmet.kz арқылы: Атырауда коммуналдық қызметтерге қосылу және келісімшарт жасау үшін арнайы онлайн портал бар - www.opaukyzmet.kz. Бұл сайт арқылы сумен, газбен, жылумен және басқа қызметтер бойынша келісімшарттарды және сервистік ақпаратты анықтауға болады.
 4. Кіреберістегі хабарландырулар мен төлем қағаздары арқылы: Өзіңіз тұратын үйдің кіреберісінде (лифт қабырғасында немесе хабарландыру тақтасында) басқарушы компанияның аты, телефоны көрсетіледі. Сондай-ақ коммуналдық төлем түбіртегіңде келісімшарт жасаған ұйымның атауы жазылады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экология кодексінің (96-бабы) талаптарына сәйкес 2026 жылғы 28 шілде сағат 15.00-де «Атырау Тау Кен» ЖШС «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі Қазақстан Республикасы Атырау облысы Мақат ауданында орналасқан «Қошқар» учаскесін игеру тау-кен жұмыстарының жоспары» тақырыбы бойынша қоғамдық тыңдау өтеді.
 Географиялық координаты: 47°28’ 10.835’ , 53°27’ 59.999’ ‘
 Өтетін орны: Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кенті, Қаныш Сәтпаев к-сі, ғимарат 1, Жастар Ресурстық орталығы.
 Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады: https://us05web.zoom.us/j/6528754634?pwd=E651rjwa0liGal60MMJO7GA2LPgNZZ.1&omn=83561290115
 Конференция идентификаторы: 652 875 4634, Кіру коды: 12345
 Бастамашы: «Атырау Тау Кен» ЖШС, БСН 120640007736, Атырау қ. Ширина өндірістік аймағы, 83.
 Әзірлеуші: «TauKenGeology» ЖШС, Атырау қ. Ширина өндірістік аймағы, 83, tauken_geology@mail.ru тел. +77013821482.
 Жобалық құжаттама https://ndbecology.gov.kz сайтында жарияланған.
 Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жолдауға болады (Атырау қ., Әйтеке би к., 77): ekspertizyupr@mail.ru, atr.priroda@atyrau.gov.kz.
 ЖАО сайтына сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=kk.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЕСІНЕ!

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 10 және 18 баптарына сәйкес аудандық мәслихат төрағасы 2026 жылғы 22 маусым күні сағат 11:00-де тұрақты комиссия отырысы, 23 маусым күні сағат 11:00 — де аудандық мәслихаттың кезекті XLII сессиясын шақыру туралы шешім қабылдады.
 Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізілді:
 Мақат ауданында денсаулық сақтау саласында атқарылған жұмыстары туралы
 Баяндамашы: аудандық орталық ауруханасының директоры
 Мақат ауданының 2025 жылға арналған бюджеттің атқарылуы туралы
 Баяндамашы: аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы
 2025 жылға арналған аудандық бюджеттің орындалуы туралы Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының есебі.
 Баяндамашы: Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі
 Басқа да мәселелер

7 маусым - Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі күні

ҚАУІПСІЗ ТАҒАМ – ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ӘЛ-АУҚАТТЫҢ КЕПІЛІ

Жыл сайын 7 маусымнан 7 шілдеге дейін әлемдік қауымдастық Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі күнін атап өтеді.

2026 жылы ДДҰ «Мәселелерден шешімге дейін» барлық жерде қауіпсіз тамақ» тақырыбын бекітті. Бұл күннің негізгі мақсаты — халықтың назарын тағам қауіпсіздігінің маңыздылығына аудару, тамақ арқылы таралатын аурулардың алдын алу және қауіпсіз азық-түлік өндірісін қолдау.

Азық-түлік қауіпсіздігі адам денсаулығын қорғаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қауіпсіз тағам

адамның қалыпты өмір сүруіне, еңбек етуіне және денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді. Ал сапасыз немесе ластанған тағам түрлі инфекциялық аурулардың, тағамнан уланулардың және басқа да денсаулыққа зиян келтіретін жағдайлардың туындауына себеп болуы мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сәйкес, жыл сайын әлемде жүздеген миллион адам тағам

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В соответствии с требованиями Экологического кодекса РК (ст. 96) 28 июля 2026 года в 15.00 часов состоятся общественные слушания по предмету «Раздел охраны окружающей среды к Плану горных работ для разработки участка «Қошқар» в Ма-катском районе Атырауской области Республики Казахстан» ТОО «Атырау Тау Кен».
 Географические координаты 47°28’ 10.835’ ‘ , 53°27’ 59.999’ ‘
 Место проведения: Атырауская область, Макатский р-н, п.Мака́т, ул.Қаныш Сәтпаев, здание 1. Молодежный ресурс-ный центр.
 Подключиться к конференции Zoom
 https://us05web.zoom.us/j/6528754634?pwd=E651rjwa0liGal60MMJO7GA2LPgNZZ.1&omn=83561290115
 Идентификатор конференции: 652 875 4634 Код доступа: 12345
 Инициатор: ТОО «Атырау Тау Кен» БИН 120640007736, г. Атырау, Промышленная зона Ширина, 83.
 Разработчик: ТОО «TauKenGeology», г. Атырау, Про-мышленная зона Ширина, 83, tauken_geology@mail.ru тел. +77013821482.
 Проектная документация размещена на сайте: https://ndbecology.gov.kz.
 Замечания и предложения по вышеназванному проекту можно направлять в управление природных ресурсов и регу-лирования природопользования Атырауской области (г.Атырау, ул. Айтеке би, 77): ekspertizyupr@mail.ru, atr.priroda@atyrau.gov.kz.
 Ссылка на сайт МИО: https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru.

Редакцияда облыстық **«Атырау»** және **«Прикаспийская коммуна»** газеттеріне, сонымен қатар 7 аудандық **«Кен Жылой», «Қызылқоға», «Дендер», «Серпер», «Нарын таңы», «Жайық шұғыласы», «Мақат тынысы»** газеттеріне жарнама қабылдаймыз.

процестері кіреді. Әрбір кезеңде санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы өнім қауіпсіздігінің басты кепілі болып табылады.

Тамақтан улану мен ішек инфекцияларының алдын алу үшін келесі ережелерді сақтау қажет:

Қолды сабынмен жиі және мұқият жуу, жемістер мен көкөністерді жақсылап шаяу, шикі және дайын тағамдарды бөлек сақтау, тағамды толық термиялық өңдеуден өткізу, тек қауіпсіз ауыз суды пайдалану, өнімнің жарамдылық мерзімін тексеру, тез бұзылатын тағамдарды тоңазытқышта сақтау керек.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету өндірушілердің, кәсіпкерлердің, мемлекеттік органдардың және тұтынушылардың бірлескен жауапкершілігі болып табылады. Әрбір азамат тағам өнімдерін таңдауда және пайдалану барысында қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, өзінің және отбасының денсаулығын қорғай алады.

Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі күні — қауіпсіз тағамның адам өміріндегі маңызын еске салатын маңызды күн. Денсаулықты сақтау қауіпсіз әрі сапалы тағамды таңдаудан басталады.

Қауіпсіз тағам — дені сау ұлттың негізі!

Г. ТАҒАНОВА,
 аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

ЖАРНАМА БЕРУ ТӘРТІБІ

Жарнама редакцияда аптаның сенбі, жексенбі күндерінен өзге күндерінде таңертеңгі 9.00-ден 18.30-ға дейін қабылданады.

Қалаған газет нөміріне еске алу, қадеге шақыру, көңіл айту, құттықтау, басқа да жарнама түрлерін сол аптаның бейсенбісі күні сағат 15.00-ге дейін беріп үлгеріңіз.

«Пәтер немесе үй сатылады» айдарымен берілетін жарнамалар үшін міндетті ақпарлар:

1. Толық мекен-жайы: (кент, ықшам аудандар, көше, үй),
 2. Бөлме саны,

3. Қай қабатта орналасқаны.
«Тауар сатылады» айдарымен:
 1. Тауар атауы, шығарылған жері.

Жарнама қабылдау телефондары:

3 07 66, 8 778 482 17 55